KAZAKH AMERICAN UNIVERSITY
KEY ACTUAL UNIQUE NEWS

# Казахско-Американский Университет

№ 6 (84)
Маусым
Июнь 2017

## ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ҰЛЫ

*Қазақ-Америка университетінің ұжымы мен студенттері Құлыбаев Асқар Алтынбекұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!*

Өзінің еңбек жолын Алматы автожөндеу зауытының қарапайым электригі болып бастаған адам ҚАУ-дың Қамқоршылар Кеңесінің Құрметті төрағасы болып табылатынына мақтанамыз.

Қазіргі студенттер жалақысы жақсы, абыройлы жұмысқа орналасып, жоғары лауазымды, лайықты мансапты армандайтыны сөзсіз. Өз білімін жетілдіре отырып, үнемі ізденісте болып, өз ісінің маманы болуға болады.

Энергетик мамандығын алып, жоғары оқу орнынан түлеп ұшқаннан кейін өндірістегі жұмыстардың үлкен-кішісін талғамай, қайнаған өмірге құлшына бас қойған Асқар Алтынбекұлы Құлыбаев еліміздің индустриясын дамытуға зор үлес қосты.

Асқар Алтынбекұлы инженер, инженер-конструктордан «Электромонтаж» құрылыс басқармасының бастығы, «Казпромтехмонтаж» тресті басқармасының орынбасары, ҚР түрғын үй және құрылыс министрі, ҚР-ның Министрлер кабинеті жанындағы материалдық резервтар бойынша мемлекеттік комитеттің төрағасы, Қазақстанның келісім және бейбітшілік Кеңесінің төрағасына дейін кәсіби қалыптасудың барлық кезеңдерін өткен адамның айқын дәлелі. Бүгінгі күні құзыретті, тындырымды және талапшыл болу жеткіліксіз. Ең бастысы Асқар Алтынбекұлы сияқты өзінің кәсіби біліктерін дамыту, үнемі ізденісте болу.

Қазақ-Америка университетінің дипломдарын Қазақстан Республикасының Ұлттық инженер академиясы және Халықаралық инженер академиясының академигі, профессор, техника ғылымдарының докторының қолынан алу біздің студенттер үшін үлкен құрмет. Мұндай ешқашан ұмытылмайды!



Асқар Алтынбекұлымен өткен әрбір кездесу тек студенттерге ғана емес, сонымен қатар оқытушы-профессорлар және университет басшылығы құрамына тілдесу, сұхбат алу арқылы белсенді мемлекеттік қызметтер жайында, қоғам қайраткері және өндіріс ұйымдастырушысының жеке тәжірибесі туралы мағлұмат алуға үлкен мүмкіндік береді.

Істің көзін таба білетін адам қай жұмысты да ұршықша иіретіні белгілі емес пе! Өзіне бұрыннан етене таныс құрылыс саласы, оның үстіне өндіріске араласу мүмкіндігін алған Асқар Алтынбекұлы осы салада да біраз жұмысты еңсеріп-ақ тастады.

Қамқоршылар Кеңесінің соңғы отырысында мен Құлыбаев мырзаның қазақстандық инновациялық жобаларға ерекше қызығушылық білдіргенін байқадым. Мысал келтірсек, оның назарына Қазақ-Америка Университетімен бірлесе студенттерге арналған зертхана ашқан, ғылымды қажетсінетін «Сұлу-Нұр» консорциумының патенттелген өнімдері түсті.

Сол сәтте менің есіме өткізілген кездесулердің бірінде Асқар Алтынбекұлының жетекші ретінде Тенгизді игеру барысында табиғат сыйын зор тиімділікпен қолдануда асқан шеберлік көрсеткені жайлы айтылғаны келді. Автомобильді жолдарды салуда жергілікті шикізаттарды – «кир» (құрамында битум бар) атауы берілген тығыз затты қолдану идеясы да Асқар Алтынбекұлына тиесілі. Бұл мәселені автомобильді жолдар министрі (ол кезде ҚазКСР) Ш. Бекболатовпен талқылағаннан кейін «кирді» бүкіл ауданда жол салуда қолдануға шешім қабылданды. Жұмыстың басы-қасында жүрген қызметкерлердің айтуы бойынша, асфальт төсеу үшін битумды табу өте қиын болған, сондықтан «кирді» қолдану ерекше маңызды рөл ойнаған. Айта кетсек, дәл осы жергілікті материалды қолданып салынған жолдар әлі күнге дейін Отанына қызмет етуде. А. Құлыбаевтың өмірінде бұндай дәлелді мысалдардың саны біршама.

Асқар Алтынбекұлының тағы да бір тамаша адамдық қасиеттері – бөлісе білу, аяушылық және уайымдаушылық білдіре білу. Алғашқыда мұқтаж жандарға қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған (сөзбе-сөз игілік жасау) сауапты іс қазіргі кезде кеңінен қарастырылады.

Қазіргі заман қоғамында қайырымдылық ретінде кез келген қамқорлық көрсетуді және сол ұғымға лайық істерді қарастыру қалыптасқан: жебеушілік те, мияткерлік те, демеушілік те, әлеуметтік инвестицияландыру да соның қатарына кіреді. Бұл істердің барлығы Асқар Алтынбекұлына тән. Қайырымдылық көрсету қазақ халқының тарихында мәдениетімен, ділімен, тәрбиесімен жазылып қалдырылған.




Біздің есімізде қалған тағы бір мысал, мерейтой иесінің қаражаты есебінен ҚазБСҚА ұстаздары жетілдіріп құрастырған және Алматы кітапханаларына сыйға тартылған төрт томдық сөздіктің басылып шығуы.

Асқар Алтынбекұлы Құлыбаевтың белсенді өмірлік позициясы, ауқымды қайырымдылық істері Егеменді Қазақстанды тұрғызушы жас ұрпаққа айқын тағылым боларына сенімдіміз.

*Алмагул Сарымсақова,*
*Дана Икапова*
*Қазақ-Америка университеті*

## Жизнь прожить — не поле перейти

*Аскару Алтынбековичу Кулибаеву исполняется 80 лет!*

Талантливый человек талантлив во всем. А если он при этом еще и трудолюбив – ему цены нет. Идеальный семьянин, государственный и общественный деятель, Заслуженный строитель Республики Казахстан, лауреат Государственной премии РК, Международной премии МИА и ЮНЕСКО, доктор технических наук, кандидат экономических наук. Это все о нем! И это далеко не все!



Его жизнь полна разных событий, и далеко не проста. Родился Аскар Алтынбекович в 1937 году. Через 4 года началась война, отец ушел на фронт, все легло на плечи матери. Благодаря ей почти все дети (в семье было 6 детей, рано умер младший брат - Амангельды) пережили войну и выросли достойными людьми. Аскар боготворил свою маму. Огромное влияние на него оказал и старший брат отца.

Аскар усердно и хорошо учился. Окончил Казахский сельскохозяйственный институт. Прошел путь от электрика авторемонтного завода до министра строительства Республики Казахстан. В 1975 году Аскар Кулибаев окончил Казахский политехнический институт им. В.И. Ленина. Работал на партийной и государственной работе. В 1981 году окончил Высшую партийную школу.

Аскар Кулибаев – очень разносторонний человек. В детстве успешно занимался боксом, был в составе национальной сборной. Именно тогда у него появилось стремление быть первым, побеждать. Лидерские качества у Аскара Алтынбековича во многом благодаря боксу, который научил его эффективно защищаться и защищать других.

Дважды Аскар Кулибаев совершил хадж. И вера для него не пустой звук.

Аскар Алтынбекович замечательный отец. Воспитал достойных детей: Тимура – ныне известного предпринимателя и Талгата – генерала МВД РК. Во внуках Аскар Алтынбекович души не чает, а их у него 5.

В своем почтенном возрасте Аскар Кулибаев продолжает активно работать. К любому делу подходит скрупулезно, решает любые проблемы. А творческий подход – его изюминка.

Отрадно, что Аскар Алтынбекович Кулибаев входит в Совет Попечителей Казахско-Американского университета – одного из ведущих вузов Республики Казахстан.

Аскар Кулибаев – гордость Казахстана, на таких людях держится страна, пусть живет еще как минимум столько же!

*А.Г. Плошай,*
*к.э.н., ассоц.проф.КАУ*

# ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

*«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»*
*Абай Құнанбаев*

Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы – тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Егер ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамгершілік тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершілігі мол жан болып, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді.

Жақсылық – адамның ойы, ниеті, іс-әрекеті. Жаман пиғылдардан аулақ болып, қай кезде болса да адамға қол ұшын беріп көмектесетін, жанашырлық танытатын адамды жақсы адам дейміз.

Жаны жайсаң, көңілі ашық, халқымыздың ұлағатты ұлы ретінде ел мәртебесін асқақтатып жүрген, сабырлы мінез, сырбаз қалпынан, қарапайымдылығынан айнымайтын, адамгершілігі мол, жүрген ортасына сыйлы, мейірімді де қайырымды, асау асуларды бағындырып, алып күшті ауыздықтап, оны игі істерге бағыттай білген атпал азамат, елін сүйген ер - Асқар Алтынбекұлы Кулибаев мырза дәл осындай жақсы адам. Осы орайда Сүйінбай Аронұлының:

*Жақсы адам – елінің серкесіндей,*
*Халқының қалың жүнді көрпесіндей.*
*Жақсы болар баланың жүзі жылы,*
*Орыстың күймей піскен бөлкесіндей.*
*Жақсының айтқан сөзі тиянақты,*
*Түйенің аумайтұғын өркешіндей,*
*Жақсыға үлкен-кіші бәрі жақсы,*
*Жасынан бірге өскен еркесіндей,* – деген жолдары ойға оралады.

Бекзат болмыс, тектілік адамды қашанда биік көрсетеді дейді. Биіктігі де, тереңдігі де, кеңдігі де бір басынан табылатын Асқар Алтынбекұлының өмірбаянына көз салсақ, ол жастайынан билікке араласып, осы заңғардың ұшар басында біраз қалықтаған жан екенін байқаймыз. Асқар Алтынбекұлы қандай қызмет атқарса да тек ұлттық мүдде, мемлекеттің өркендеуі үшін жасады. Оның қадірі, қоғамдағы салмағы мен абыройы, туабітті табиғи қалпы, ірілігі, ақсүйектігі, бекзаттылығы көзге көрініп тұрады. Жүрген жеріне шапағатын сеуіп жүретін, халық даналығындағы «Жақсы адам жай келеді, жан-жағын байқай келеді» дегендей, жақсы қасиетке ие жақсы адам қандай іс атқарса да туған елінің экономикасы, өнеркәсібі, ғылым жүйесінің даму жолына арнады. Асқар Алтынбекұлының еңбек жолында қаншама жұмыстар атқарылды. Оның бәрі де өз халқына, туған жеріне деген адал сезім, ыстық махаббаттан жасалды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған жылдары да осы ұстанымының беріктігін дәлелдеді.

Асқар Алтынбекұлының келелі мәселелерді дамыту жолындағы игі істері, халқына сіңірген еңбегі, қоғам үшін төккен тері орынды бағаланды, халықтың ілтипатына бөленді. Ол - «Жібек жолы – Қазақстан» Ұлттық компаниясының президенті, ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі, «Мұнайшы» қоғамдық қорының құрылтайшысы және Қамқоршылық Кеңесінің төрағасы, ҚР «Бейбітшілік және келісім» қорының президенті, «ABE», «SILK WAY CITY», «Трансстроймост» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ол - елімізде және шетелдерде белгілі ғалым ретінде кеңінен танымал. Ол – профессор, техника ғылымдарының докторы, Халықаралық инженерлік академияның және ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, ҚР еңбек сіңірген құрылысшысы. Академик Ө. Жолдасбеков атындағы сыйлықтың лауреаты.

Асқар Алтынбекұлы Кулибаев халық алдындағы сіңірген еңбегі үшін «Отан», 1-дәрежелі «Барыс», «Құрмет Белгісі», «Халықтар Достығы», Платиналық «Инженерлік Даңқ», «Суворов» ордендерімен, «Достастық Алтын Жұлдызы», БҰҰ-ның «Орден Единения», ЮНЕСКО-ның Ордені, Ресейдің «Дружба» және 1-дәрежелі «Петр Великий» ордендері, 28 медальмен, соның ішінде Халықаралық Инженерлік академиясының Үлкен күміс медалімен марапатталды. Сонымен қатар, ол - Халықаралық инженерлік академиясы мен ЮНЕСКО Лауреаты атағының иегері, «Қазақстан Республикасының Құрметті инженері», «Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы», «Қазақстан Республикасының Құрметті монтажнигі» және Алматы қаласының, Алматы мен Атырау облыстарының, Алматы облысының Іле ауданының «Құрметті Азаматы» атақтарының иегері, бүгінгі қоғамның, заманның қаһарманы. Ағамыздың осындай дәрежеге жетуі дана Абай атамыз айтқандай өзінің ыстық қайраты, нұрлы ақылы, жылы жүрегінің арқасы деп білеміз.



Тәуелсіздігіміздің қабырғасы қатып, буғанасы бекуіне өлшеусіз үлес қосып, еліміздің абыройын асырып, экономикасын, құрылысын, өнеркәсібін өркендетудің бас қолбасшысының бірі ретінде танылған аса ірі өндіріс ұйымдастырушысы, ұлттық дәуірлеуіміздің жаңа өрісін ашып берген кәсіпкерлік қозғалыстың сыннан өткен саңлақ сардары, талантты ғалым- инженер Асқар Алтынбекұлы Кулибаев ағамыз биылғы жыл мерейлі 80 жасқа толғалы отыр. Мемлекет қайраткеріне лайық қасиеттер: биік білім, әр іске әділеттілік, ұлттық намыс, жеке бастың тазалығы, халықтық мүдде, мәдени өре кеңдігі, иман байлығы Асқар ағаның бойынан молынан табылады. Қорыта айтқанда, шарапатынан халқына шашу шашып, ел намысы жолында еңбек етуге бүкіл саналы ғұмырын арнаған ел ағасының қай тілеуі де хақ Тәңірдің құлағына жетіп жатқандай. Өз келешегіне өз қолымен жол салып, ешкімнің желеуі мен демеуінсіз адал еңбегімен жете алған біртуар қазақ перзентінің өмір жолы мен өнегесі кейінгі жеткіншіктерге адастырмас шамшырақтай бағдар болары сөзсіз.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Бірінші байлығым - халқым деп білген, ойы биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді, тұғыры биік тұлғаны мерейлі жасымен құттықтай отырып, денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.

Иә, шындығында да дана Абай атамыздың: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген сөзі, сондай-ақ Хазірет Омардың: «Имандылықтың үштен бірі – Ұялу, үштен бірі – Даналық, үштен бірі – Жомарттық» деген ойы дәл осы Асқар ағамызға арналғандай. Ойымның соңын «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп аяқтағым келеді...

*Анар Заріпқызы Карипова*
*ҚАУ жанындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, директордың ТЖ орынбасары*

# С юбилеем Вас, дорогой Аскар Алтынбекович!

*Достаточно мгновения, чтобы стать героем, но необходима целая жизнь, чтобы стать достойным человеком.*
*П. Брюла*

Никакой человек в мире не родится готовым, то есть вполне сформировавшимся, но всякая его жизнь есть не что иное, как беспрерывно движущееся развитие, беспрестанное формирование. Эти слова величайшего русского критика В.Г.Белинского очень точно подходят к жизни известного казахстанского предпринимателя и государственного деятеля Аскара Алтынбековича Кулибаева.

В каждом человеке скрыта мудрая сила строителя, и нужно ей дать волю развиться и расцвести.

По окончании в 1961 г. Казахского сельскохозяйственного института Аскар Алтынбекович начал трудовую деятельность электриком авторемонтного завода. Его лидерские качества оценили, вскоре назначив инженером, старшим инженером крупных заводов г. Алматы.

Упорство и целеустремленность помогали ему в должности заместителя управляющего трестами «Казторгстрой» и «Казпроммонтаж». В 1975 г. окончил Казахский политехнический институт имени В.И. Ленина. Член КПСС с 1965 г., А.А. Кулибаев с 1976 г. находился на партийной и государственной работе: инструктор отдела строительства и городского хозяйства ЦК Компартии КазССР, заместитель министра монтажных и специальных строительных работ. В 1981 г. окончил Алма-Атинскую Высшую партийную школу.

Аскар Алтынбекович всегда отличается передовыми взглядами. В любом регионе страны всегда был в гуще событий: курировал строительство объектов нефтехимии на юге Казахстана, был первым секретарем Гурьевского обкома КП Казахстана; занимался освоением Тенгизского месторождения, строительством дорог, водоснабжения Мангистау. В 1990-1993 гг. стал во главе Государственного комитета РК по архитектуре и строительству. Будучи председателем Алма-Атинского горисполкома Аскар Алтынбекович реформировал систему теплоснабжения города.

С 1993 по 1997 годы был министром строительства, жилья и застройки территорий РК, с 1998 года – президент, председатель совета директоров ЗАО «Национальная компания «Шелковый путь-Казахстан». С 2004 года – председатель попечительского совета фонда «Мунайши», объединившего около девяти тысяч ветеранов-нефтяников. С 1994 года он – председатель Совета директоров группы компаний «Silk Way», занимавшейся туристическим бизнесом, производством и поставкой из-за рубежа стройматериалов, председатель общественной миротворческой организации Совет Мира и Согласия Республики Казахстан. Аскар Алтынбекович избран академиком Инженерной академии республики и Международной инженерной академии, член Президиума, председатель Конкурсной комиссии ИА Республики Казахстан.

Не успех, а усилие заслуживает награды. И они не заставили себя ждать. За особые заслуги в государственной и общественной деятельности Аскар Алтынбекович награжден Орденом «Отан», за большой вклад в укрепление и развитие российско-казахстанских культурных связей – Орденом Дружбы народов.

Вечно надеяться, никогда не отчаиваться, всегда идти вперёд – таково свойство человека большой души. Именно таким человеком и является наш уважаемый Аскар Алтынбекович – почетный гражданин г. Алматы.

С юбилеем Вас, дорогой Аскар Алтынбекович!

*Б.С.Есенбекова*
*преподаватель английского языка, директор школы при КАУ*

# Kulibayev Askar Altynbekovich

*Kulibayev Askar Altynbekovich was born on the 1st of January, 1937 in Almaty. He graduated from Kazakh Agricultural Institute in 1961 as an electrical engineer, Kazakh Polytechnic Institute named after V.I. Lenin in 1975 as a civil engineer, Alma-Ata Higher Party School in 1981 as a Political scientist.*



**His Employment History:**

- Electrician of Alma-Ata Automobile Repair Plant No. 1 (1961);
- Engineer, senior engineer of the Alma-Ata Heavy Engineering Plant (1961-1964);
- Senior engineer, engineer-designer of Alma-Ata Electrotechnical Plant (1964-1966);
- Chief engineer, chief of the special administration "Electromontage" (1966-1972);
- Deputy manager of the trust "Kaztorgstroy" (1972-1973);
- Deputy manager of the trust "Kazpromtehmontazh" (1973-1976);
- Instructor of the Central Committee of the Communist Party of the Kazakh SSR (1976-1979);
- Deputy Minister of Mounting and Special Construction Works of the Kazakh SSR (1979-1983);
- Chairman of the Alma-Ata City Executive Committee (03.1983-12.1985);
- First Secretary of the Guriev Oblast Committee of the Communist Party of Kazakhstan (12.1985-05.1990);
- Chairman of the Guriev Regional Council (01.1990-06.1990);
- First Deputy Chairman of the State Construction Committee of the Kazakh SSR (05.1990-12.1990);
- Chairman of the State Committee of the Republic of Kazakhstan for Architecture and Construction (12.1990-09.1993);
- Minister of Construction, Housing and Development of the Territories of the Republic of Kazakhstan (09.1993-10.1994);
- Chairman of the Committee on State Material Reserves under the Cabinet of Ministers of the Republic of Kazakhstan (12.1994-10.1995);
- Minister of Construction, Housing and Development of the Territories of the Republic of Kazakhstan (10.1995-03.1997);
- Director of the Agency for Construction and Architectural and Town-Planning Control of the Ministry of Economy and Trade of the Republic of Kazakhstan (03.1997-10.1997);
- Chairman of the Housing and Construction Policy Committee of the Ministry of Economic Development of the Republic of Kazakhstan (10.1997-03.1998);
- President of CJSC "National Company" Silk Road - Kazakhstan "(since 04.1998);
- President of ABE Corporation (since 11.2007)

He is a Doctor of Technical Sciences, Professor, Academician of MIA. Chairman of the Board of Trustees of the Public Foundation "Munaishy" named after N. A. Marabayev, President of CJSC "National Company" Silk Road-Kazakhstan "

He wrote more than 80 scientific works, inventions and patents, more than 15 monographs and teaching aids, including in the state language, 6 patents of the Republic of Kazakhstan.

He was awarded the Order of the Badge of Honor, two Orders of the Friendship of Peoples, the Order of "Barys" 1st degree. He was also awarded the Order of Otan, the public award the Order of Peace "Big Star", twenty-seven medals, the big silver medal of the International Engineering Academy, the silver medal named after academician UA Dzholdasbekov, established by the National Engineering Academy of the Republic of Kazakhstan, the golden medal "Maecenas" Education of the Republic of Kazakhstan. Laureate of the State Prize of the RK in the field of science and technology. Laureate of the prize of the International Engineering Academy and UNESCO "Honorary Engineer of the Republic of Kazakhstan", "Honorary Citizen of Almaty", "Honorary Fitter of the Republic of Kazakhstan".

Askar Altynbekovich participates in exhibitions. He annually participates as a co-organizer in the international festival "Silk Road", which brings thousands of guests from far and near abroad. He made a great contribution to the development of the construction complex in Kazakhstan. With his direct participation, the most important unique objects of industrial and housing and civil purposes are assigned in a number of cities in the Republic of Kazakhstan.

*Zh.M.Doszhanova*
*Teacher of English ACC*

# Долгий и счастливый путь



Трудовая деятельность Кулибаева Аскара Алтынбековича – Почетного Председателя Совета Попечителей КАУ, Председателя Попечительского совета ОФ «Мунайшы» им.Н.А.Марабаева началась в 24 года, после окончания Казахского сельскохозяйственного института с должности электрика авторемонтного завода. Работал старшим инженером АЗТМ, инженером-конструктором электротехнического завода, начальником спецуправления «Электромонтаж», зам.управляющего трестом «Казпроммонтаж».

В 38 лет Аскар Алтынбекович окончил Казахский политехнический институт имени В. И. Ленина. С этого времени его трудовая деятельность перешла на новый уровень, и он стал партийным и государственным деятелем.

Долгий и кропотливый карьерный путь А.А. Кулибаева проходил через решения ряда проблем, где он играл ключевую роль. Он проделал большой путь в науке. Став в 1998 г. кандидатом экономических наук, а далее доктором технических наук, внес вклад в экономику и образование, написав ряд книг и публикаций по теме диссертации: «Новые ресурсосберегающие технологии модифицированных строительных материалов». В 1992 году он стал Академиком Инженерной академии Республики Казахстан и Международной Инженерной академии и почетным профессором ряда ВУЗов Казахстана.

Аскар Алтынбекович уделял большое внимание спорту, увлекся боксом. Дух волевого спортсмена, бойца и инициатора и до сих пор живет в его сердце. За эти качества его избрали почетным президентом Федерации любительского бокса РК.

За годы своей работы А.А.Кулибаеву приходилось быть дипломатом во всех делах и решать проблемы мирными переговорами. Он встречался с видными политиками, деятелями науки, искусства и спорта. Однако считает, что нет лучшего места на земле, чем Казахстан. Аскар Алтынбекович является инициатором возрождения «Великого шелкового пути», разработчиком программного документа о создании Национальной компании «Шелковый путь – Казахстан», что способствует развитию туризма и укреплению экономического благосостояния Казахстана. Благодаря этому о Казахстане узнают всё больше людей по всему миру.

*И. М.Умаров,*
*ассистент профессора*
*ФОГН КАУ*

# ЕСЛИ ТЫ ЧЕЛОВЕК – СОТВОРИ СЕБЕ ИМЯ...

*Каждый человек должен прожить свою жизнь как творец своей собственной судьбы, чтобы оставить яркий след в общественной жизни, а не пробежать быстрой тенью в пестрой и многошумной истории.*

Так ярко прожить могут лишь сильные натуры, люди огромной силы и таланта. В древности казахи называли их тарланами. Их реальные дела и благородные идеи остаются в истории. Все это можно отнести к многогранной научной и творческой деятельности нашего современника, человека, сыгравшего огромную роль в развитии и сегодняшних успехах нашего КАУ – Аскара Алтынбековича Кулибаева. Человек незаурядный, Аскар Кулибаев является сыном своей эпохи, непростого, бурного времени становления независимости страны. Академик, практик, большой общественный деятель, он оставил яркий след в науке, технике, истории общества, в спорте. Он всегда находился на самых высоких руководящих должностях, сложных и ответственных постах государства и общества, как умелый практик, глубокий ученый-обществовед.



В истории КАУ он сыграл яркую роль, будучи председателем Попечительского совета, оказывая непосредственное влияние на развитие нашего вуза в самую острую эпоху зарождающейся конкуренции, когда многие даже крепкие вузы уже прекратили свое существование или сдали свои позиции.

Благодаря Совету попечителей КАУ стал одним из лучших международных университетов Казахстана. Авторитет личности, сила творческих инициатив А.А. Кулибаева проявляются на каждом этапе деятельности Совета Попечителей, как в эффективном взаимодействии с местными органами власти, различными учреждениями и организациями. Как инициатор инновационных проектов Совет Попечителей обеспечивает финансовую поддержку, укрепляя материально-техническую базу КАУ.

Под руководством А.А. Кулибаева университету оказывается действенная поддержка, проводится реализация государственной политики в области образования. Конкретными стратегическими задачами Совета Попечителей при КАУ являются поддержка фундаментальных и приоритетных научных направлений, создание оптимальных условий для комфортного сотрудничества студентов и профессорско-преподавательского состава в интеллектуальном и культурном развитии.

Намечены и успешно реализуются строительство новых поточных аудиторий, актового зала, облицовка корпуса и реконструкция входной группы учебного корпуса, обновление музея, закуп нового лабораторного оборудования. Такие цели и задачи органа, безусловно, способствуют постоянному повышению качества образования в соответствии с мировыми образовательными стандартами, позволяя выпускать конкурентоспособные кадры для внутреннего и международного рынка услуг.

И через все это проявляется личность А.А. Кулибаева, человека, верного своему делу, профессии, Отечеству.

*Куаныш Тунгенбаева,*
*преподаватель АКС при КАУ*

# Елімізге үлес қосқан үлкен тұлға

*Жаздың күн сәулесі жарқыраған шілде айында, айнала көкке боялып, табиғат жемістерін берген кезде, жыл сайын Қазақстанның партия, мемлекет және саяси қайраткері Асқар Алтынбекұлы Құлыбаевтың туған күні аталып өтіледі.*



Үстіміздегі жылдың ерекшелігі – біз Асқар Алтынбекұлының 80-жылдық мерей тойын атағалы отырмыз. Асқар Алтынбекұлы барша Қазақ жерін алтын бесігіне балап, осы кезге шейін еңбектен қол үзбей келе жатқан жан. Тәуелсіздік жылдары еліміз тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде ғаламат табыстарға қол жеткізгені белгілі. Осы әрбір жеткен жетістіктің артында жан аямай қызмет еткен азаматтардың еңбегін байқауға болады.

Асқар Алтынбекұлы – Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтып, ел үшін тынымсыз еңбек еткен аптал азаматтардың бірі. Ол шебер ұйымдастырушы, көрнекті ғалым ретінде еліміздің құрылыс саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан санаулы азаматтардың бірі. Осы еңбектері үшін мемлекеттік орден және медальдармен марапатталды.

Асқар Алтынбекұлы туралы тарихи деректер де, әдебиеттер де жеткілікті. Мен осы ұлы тұлғаның жеке адами қасиеттеріне ерекше тоқталғым келеді.

Асқар Алтынбекұлы өндірістік және қоғамдық қызметті көлемді ғылыми жұмыстармен шебер ұштастыра білетін жан. Депутат ретінде өз ісіне жауапты әрі ұқыпты ол айналасындағыларға қашанда қамқорлық танытып, қолынан келгенінше көмек қолын созды. Үнемі адамдықтың үлгісін көрсетіп, халық қалаулысы мәртебесін көтерген аптал азамат.

Туған жерін, туып-өскен белін сүймейтін адам болмайды. Асқар Алтынбекұлы – көпті көрген көнекөз кісі ғой, әдебінен жаңылмайды, көп көсемсіп сөйлей бергенді де ұнатпайды. Бірақ туған ел, өскен жер туралы пайымы ерекше. Әсіресе, оның туған жер, ата-жұртқа деген перзенттік құрметі шексіз екені байқалып тұрады. Бұл сезім оның бүкіл саналы ғұмырының алтын қазығы іспетті. Қария көңілдің дария шалқар сезімі шексіз.

Табиғаты сұлу, ауасы жұпар, шөбі құнарлы өңір көне Алматының кескін-келбетіне сай оның адамдарының да жүзі шуақты, дені қуатты болып келеді. Бұл – табиғи заңдылық қой. Өзі де ширақ, пысық жан. Асылы, ата-бабаларымыздың қанына сіңген осындай жақсы қасиеттерінің жұрнағын жоғалтпай алмауға үлесін қосып жүрген тұлға

Ол өнегелі өмірі, өрелі ісімен, азаматтық-адамгершілік болмысымен ерекше көзге түсетін мемлекетшіл тұлғалардың бірі.

Адам жаны, бейне ашылмаған арал іспетті. Ол аралда тынысты ашатын жұпар ауасын жұтып, кемпірқосақтай құбылған жасыл әлемде алшаң басатын, адам мен табиғаттың будандаса, орайласа өмір сүруі осындай-ақ болар деп ойлайсыз!

*Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,*
*Жұғымды болар елге еркесіндей.*
*Жақсының жүзі жылы, сөзі майда.*
*Халқының қалың жүнді көрпесіндей,*

– деп Сүйінбай ақын жырлағандай, жеке басының асыл да айнымас адамгершілік қасиеттерімен жан-жағына сәуле шашып, жылылық ұялатып тұратын ақ жүректі, нар тұлғалы асыл азаматтың асқар асулары мен жеткен биіктері жайлы қанша айтсаң да таусылмайды.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейтін ұлы қағида қазығына сөзі мен ісін байлап өскен Асқар Алтынбекұлы қайда жүрсе де, қандай қызметтің құлағын ұстаса да ойын тура айтар мінезі мен табандылығы, еліміздің халық шаруашылығының жай-жапсарын мықты білетін кәсіби қабілет-қарымының кеңдігі мен тереңдігі әрқашан байқалып тұрады. Қай қызметті атқарса да ол адалдығымен, әрі кәсіби шеберлігімен дараланады.

Осылайша туып-өскен жеріне, қадірін ұққан еліне адал қызмет қылудың үлгісін танытып отыр. Елі үшін аянбай тер төгіп, абыройлы азамат, ел ағасы атанды. Қашанда, қай лауазымның тізгінін ұстаса да бияздық мінезінен ауытқымай, білсем, білген үстіне біле түссем деген ұсынақты ұстанымынан танбады. Ең бастысы, көкірек көзі ашық, һәм көргені мен түйгені көп мол қазыналы, зерек те зерделі жан шын мәнінде аға ұрпақтың атына заты сай лайықты өкілі ретінде танылып отыр.

*Ә.Р. Рахимкужаева,*
*ҚАУ жанындағы Алматы байланыс колледжінің оқытушысы*

# НА ПУТИ К ГЛОБАЛЬНОЙ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ

*На расширенном заседании Правительства с участием Главы государства Н.А.Назарбаева, которое прошло 3 февраля 2017 г. в Астане, были обсуждены ключевые цели и задачи Послания народу Казахстана «Третья модернизация: глобальная конкурентоспособность».*

Нурсултан Абишевич сделал акцент на значимость перехода на 12-летнее образование, трехъязычное обучение, реформы в образовательной сфере. Хочу поделиться опытом Казахско-Американского университета по внедрению международных стандартов, новых системных, технологических, управленческих и социальных программ, обучению на трех языках.

2017 год для КАУ – год 20-летия. Начиная с 1997 года, университет одним из первых среди вузов РК внедрил процесс разделения обучения студентов и контроля (оценки) их знаний; многобалльную буквенную систему уровня подготовки; инновационную систему оплаты труда; Hand-outs (активный раздаточный материал); концепцию трёхъязычия в обучении; универсальные критерии комплексной оценки знания языков; трёхъязычный глоссарий; защиту дипломных проектов (работ) на английском языке.

В университете ведется планомерная работа по реализации задач государства по полиязычию, направленная на повышение качества языковой подготовки специалистов с высшим и послевузовским образованием, а также расширения внешней академической мобильности. Уже почти 20 лет в КАУ дисциплины по всем специальностям преподаются на казахском, русском и английском языках в равной степени. Преподавателями языковых дисциплин КАУ и вуза-партнера КазГАСА под руководством академика А.А.Кусаинова разработан и презентован Лингвокомплекс по языкам (казахский, русский, английский). Уникальность пособия определяется функционально-прагматической направленностью и коммуникативной востребованностью.





Согласно принципам Болонской декларации, КАУ реализует международные образовательные программы двудипломного образования по подготовке бакалавров и магистрантов с университетами США, Италии, Испании, Канады, Кореи, Турции, Малайзии.

С 1998 года в состав Университета входит Школа, с 1999 года - Алматинский колледж связи (АКС при КАУ). В школе, в рамках реализации Плана Нации «100 конкретных шагов», инициированного Главой государства, по «поэтапному переходу на английский язык обучения в системе образования – в старшей школе и вузах», обучение с «0»-го по 6-й класс ведется на казахском и русском языках. С 7-го по 11-й класс дети учатся по трем категориям, которые различаются количеством дисциплин, преподаваемых на английском языке и трем направлениям: естественно-техническому, экономическому, гуманитарному. Такой подход в обучении детей стал одной из причин вхождения Школы при КАУ в список учреждений образования республики, ассоциированных ЮНЕСКО.

АКС при КАУ за 86 лет воспитал свыше 30-ти тысяч специалистов – связистов высокой квалификации. В рамках эксперимента колледж одним из первых в Казахстане получил разрешение на внедрение в учебный процесс кредитной технологии обучения. Результаты работы отражены в сборнике «Опыт внедрения кредитной системы обучения в Алматинском колледже связи при Казахско-Американском Университете».

Ежегодно КАУ из собственных средств учреждает более 200 стипендий «Scholarships» для одаренных студентов из малообеспеченных семей во всех трех учебных подразделениях.

В марте 2015 года университет успешно прошел институциональную и специализированную аккредитацию Независимым Казахстанским Агентством по Обеспечению Качества в Образовании.

Исходя из Миссии вуза, для успешного вхождения в мировое образовательное пространство и конкурентоспособности выпускников на международном рынке труда КАУ активно внедряет американские стандарты в казахстанские. В Рабочие учебные планы внесены и активно преподаются дисциплины: Test of Englishas Foreign Language, Экономика США, Международный финансовый менеджмент, Американское правительство и политика.

КАУ в составе Международной Образовательной Корпорации занимает, согласно рейтингам авторитетных агентств республики, достаточно крепкие позиции. Рейтинг университета растет из года в год. В 2016 году в Генеральном рейтинге многопрофильных вузов Казахстана вуз занял 15 место. По специальностям бакалавриата КАУ следует отметить специальности «Радиотехника, электроника и телекоммуникации» – 7 место и «Международные отношения» – 8 место в рейтингах НКОКО.

Можно смело констатировать существование на территории Казахстана динамично развивающегося университета, который стремится отвечать требованиям времени и Правительства РК на пути решения задач, поставленных в Послании народу Казахстана «Третья модернизация: глобальная конкурентоспособность».

*А.С. Сарымсакова,*
*проректор по академическим вопросам КАУ*

Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации № 10440-Г, выданное 16.10.2009 г. Министерством культуры и информации РК, Комитетом информации и архивов.

**Собственник:**
**ТОО “Казахско-Американский Университет”**

**Над номером работали:**
Проректор по ВСиСВ Ж.С. Такенова
Помощник проректора Д. Раисова
Редактор А.К. Агибаева
Дизайн и верстка Г.А. Джаббарова

Адрес редакции:
050043, г. Алматы, ул. Торайгырова, 29
Тел. 226-81-06,
www.kau.kz, info@kau.kz

Отпечатана в типографии “VEDA PRESS”,
г. Алматы, 050057, ул. Айманова, 140, 30а.
Тираж 1000 экз.
Период. — 1 раз в месяц